

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ» МҚКК**

**КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТ ЖАСАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЕСТУ  
ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**

***ЖИНАҚ***



**НҰР-СҰЛТАН, 2021**

№ 65 мектеп - гимназиясы ғылыми - әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды (хаттама № 5 19.05.2021жыл)

**Пікір берушілер:**

Абрахманова К.Х., филология ғылымдарының кандидаты, университет профессоры «Абай атындағы ҚазҰПУ»

Кокумбаева Т.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, "Сырдария" университетінің профессоры.

**Құрастырушы:** О. Нагиева, М.Т. Кенжеева. "Кохлеарлы имплант жасалған балалардың есту қабілетін дамытуға арналған ойындар". Жинақ. -Нұр-Сұлтан, 2021.- 35б.

Бұл ойындар жинағында қарапайым заттар қажет ететін, әдетте, нұсқаулық, қосымша заттар қажет етпейтін, есту мен сөйлеу жадын дамытуға ықпал ететін ойындар бар.

Жинақта қалыпты балалар ойнайтын ойындар да бар, сондықтан есту қабілеті нашар баланың осы ойындарды қалыпты балалармен бірге ойнауы, оның есту әлеміне қосылуына тез көмектеседі. Педагогтер, дефектологтар, сурдопедагогтар ойындарды жеке және топтық сабақтарында есту мен сөйлеуді дамыту үшін, ата-аналар үйде баламен жұмыс жасау барысында, ал тәрбиешілер сабақтан тыс уақытта қолдану арқылы тәжірибеден өткен. (№65 мектеп-гимназиясы 2019-2021 оқу жылы).

## **МАЗМҰНЫ**

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1. ҮЙДЕ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ ОЙЫН ОЙНАЙМЫЗ</b> .....	5
1.1. «Пирамиданы жина» ойыны.....	5
1.2. «Алмаларды жина» ойыны.....	5
1.3. «Ара» ойыны.....	6
1.4. «Текшелер мен доптар» ойыны.....	7
1.5. «Тортты безендір» ойыны.....	8
1.6. «Қозғаламыз» ойыны.....	8
1.7. «Ыдыста (бөтелкеде) не бар?» ойыны.....	9
1.8. «Естісең жүгір» ойыны.....	10
1.9. «Менің көршілерім» ойыны.....	11
1.10. «Бұл қандай дыбыс? Дыбыс қай жақтан шығып жатыр?» ойыны.....	12
1.11. «Қандай музыкалық аспап ойнағанын тап» ойыны.....	13
1.12. «Кім қалай сөйлейді?» ойыны .....	14
1.13. «Үш аю» ойыны .....	15
1.14. «Күлдіргі атаулар» ойыны.....	16
1.15. «Әзілдер» ойыны.....	17
1.16. «Қалай аталады?» ойыны.....	18
<b>2. БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ОЙНАЙМЫЗ</b> .....	20
2.1.«Сен мен сияқты қайтала» ойыны.....	20
2.2.«Сөз тізбегі» ойыны.....	20
2.3.«Бағбан» ойыны.....	21
2.4.«Бұзылып қалған телефон» ойыны.....	22
2.5.«Сөздер» ойыны.....	23
2.6.«Орманда» ойыны.....	24
2.7.«Төртінші артық» ойыны.....	25
2.8.«Топ-хлоп» ойыны. Дұрыс-бұрыс.....	26
2.9.«Қандай қыз? Ұл бала не істеп жатыр?» ойыны.....	27
2.10.«Себебі, себебі ...» ойыны.....	28
<b>3. ОЙНАЙМЫЗ ЖӘНЕ ЕСТЕ САҚТАЙМЫЗ</b> .....	29
3.1.«Дүкен» ойыны.....	29
3.2.«Жұп сөздер» ойыны.....	30
3.3.«Пиктограммалар» ойыны.....	31
3.4.«Ойлан, сәйкестендір» ойыны.....	32
3.5.«Қатынас тізбегі» ойыны.....	33
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	35

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезде Қазақстанда естімейтін балалар мен ересектердің есту қабілетін қалпына келтірудің тиімді әдісі ретінде кохлеарлы имплантация жиіенгізілуде. Кохлеарлы имплантация отасы 2005 жылы алғаш рет Алматы қаласында М.М. Михайлов клиникасында жасалды. Ал 2007 жылдан бастап есту қабілеті бұзылған балаларды кохлеарлы имплантациялау бойынша ота республикалық бюджет есебінен жасалынады.

"Ғылым әлі күнге дейін естімейтін балалардың пайда болуына тосқауыл бола алмайды, бірақ кохлеарлық имплантацияның көмегімен және мамандардың жоғары кәсіби жұмысының, жетістіктерінің арқасында құлағы нашар еститін баланың есту қабілетін қайта дамытуға болады, оған сөйлеуді түсінуді үйренуге мүмкіндік бар"[ Н.В Королева].

Жалпы бұл ойындардың мақсаты - кохлеарлы имплантациядан кейінгі балаларға ерте түзету-педагогикалық көмек, оның ішінде есту және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту. Бала болғандықтан ойын арқылы естіп - қабылдауды дамыту нәтижелі.

Естіп-сөйлеуді ойын арқылы дамыту - естімейтін баланың қоршаған дыбыстарды және сөйлеуді еркін естіп қабылдауына септігін тигізеді. Естіп-сөйлеу тәсілінің негізі - тіл мен сөйлеуді баланың есту қабылдауын дамыту арқылы үйренуі. Бұл тәсіл баланы қоршаған ортадағы дыбыстарды қабылдауға үйретуге негізделген, бұл сөйлеу мен тілдің табиғи дамуына әкеледі, ал естіп сөйлеу тәжірибесі баланың сөйлеу тілі арқылы өзара әрекеттесе отырып, естіп-сөйлейтін ортаны құра алуы.

Осы ойындар арқылы баланың естіп - қабылдап, сөйлеуге дегенінтасы артады; ой- өрісі дамиды; баланың оқуға деген ықыласы оянады, өзінің табысына, мүмкіндіктеріне сенеді, ісінің алға басқанына қуанады; қоршаған ортамен байланысқа түсуге үйренеді.

Ойындар жинағы үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлімдегі «Үйде және мектепте ойнаймыз» ойындарға қарапайым заттар қажет.

Екінші бөлімдегі «Барлық жерде ойнаймыз» ойындарға қосымша заттар қажет етпейтін ойындар кіреді. Осы ойындарды тек үйде және сабақта ғана емес, сонымен қатар көшеде, серуендеу кезінде, дүкенде кезекте тұрғанда немесе аялдамада пайдалануға болады. Топтамада қалыптыбалалар ойнайтын ойындар бар, сондықтан есту қабілеті нашар баланың осы ойындарды қалыпты балалармен бірге ойнауы, оның есту әлеміне қосылуына көмектеседі.

Үшінші бөлімдегі «Ойнаймыз және есте сақтаймыз» ойындарға ауызша сөйлеу тілін дамыту және сөйлеу тілін түсіну үшін сөздік қорын жинақтауға арналған есту мен сөйлеу жадын дамытуға ықпал ететін ойындаржатады.

Ойынға қатысушылар – баланың отбасы, ағалары және әпкелері, сонымен қатар достары. Ата-аналар бұл ойындарды кез-келген уақытта үйде қолдана алады, ал тәрбиешілер сабақтан тыс уақытта, сондай-ақ сурдопедагог мұғалім

бұл ойындарды жеке және топтық сабақтарында есту мен сөйлеуді дамыту үшін қолдана алады. Көптеген ойындарды бір баламен немесе бірнеше балалармен және ересектермен ойнауға болады. Ойын барысында ересек адам ойынға қатысып, үнемі ойын жетекшісі бола бермейді. Ойынға қатысып жүрген балалар да жетекші бола алады. Әрине, ересек адам балаларға ойын ережесін түсіндіріп, қиналғанда көмек беріп тұрады. Мысалы, бала сөзді ұмытып қалған кезде ересек адам баланың құлағына сөзді сыбырлап айта алады. Ойында ересек адамның міндеті – ойынның ережесін түсінуге көмектесу және балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасау. Ойын ережесі - жеңімпаз болған бала жетекші болады.

Ойын қағидасы – «барлығын кезекпен жасаймыз» баланың оқуын жеделдетуге ықпал етеді, өйткені бұл іс-әрекеттің заңдылықтарын дұрыс көру және сонымен бірге белсенді ойыншы болу үшін айтылған сөз тіркестерін бірнеше рет тыңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «біз бәрін кезекпен жасаймыз», ол баланың өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі, басқа қатысушылардың ойынын көріп, ойыншылардың қате жіберетінін немесе сұрақтың жауабын білмейтінін көргенде ол қателесуден қорықпайтын болады.

Ойындарды өткізу кезінде ересектердің басты мақсаттарының бірі - бала дыбыстарды және сөйлеуді тек естіп, қабылдау қабілетін дамыту. Сондықтан кейбір жағдайларда ойыншылар дыбыстың қайдан шығып жатқаны және сөйлеушінің бетін көрмеуі қажет. Мысалы, қатысушылардан немесе жүргізушіден тапсырмаларды орындау кезінде көздерін жұму сұралады.

Осылайша ойындар бір уақытта балаларда есту қабілетін және есту зейінін, естіп сөйлеу жадын, ауызша ойлауын, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыс айту, оқу, қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Ойындар әр түрлі деңгейдегі есту және сөйлеу қабілеттері дамыған балаларға арналған. Ересек адам балалардың есту және сөйлеу деңгейіне, олардың жасына және қызығушылықтарына сәйкес келетін ойындарды таңдайды.

## 1. ҮЙДЕ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ ОЙНАЙМЫЗ

### 1.1. Пирамиданы жина

**Мақсаты:** дыбысты естіп тану қабілетін, есте сақтау және есту зейінін, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыстардың айтылуын, ойын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** пирамида

**Қатысушылар:** 1-2 ересек адам, 1 және оданда көп балалар.

**Ойын барысы:** Баланың алдында бөлшектелген пирамида тұрады. Ересек адам әртүрлі дыбыстар шығарады. Бала дыбысқа жауап ретінде пирамидаға сақинаны салады (назар аударыңыз пирамида табаны конус тәрізді емес, түзу болуы керек. Сақиналар кез-келген кезекте салынады).

**Ойынды қиындатуға болады:** Дыбысқа жауап ретінде алдымен тек қызыл сақиналарды, содан кейін сары сақиналарды, ал соңында - жасыл сақиналарды салуды ұсыныңыз. Егер бала дұрыс емес түсті сақина тағса, сақинаны шешіп алыңыз. Тапсырма соңында пирамида берілген ретте жасалуы керек.



### 2.1. Алмаларды жина


**Мақсаты:** дыбыс айту, сөйлеу дағдыларын, дыбысты естіп есте сақтауын, зейінін ауызша сөйлеуді естіп қабылдауын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** Себеттің, ағаштың алмалардың, суреті.

**Қатысушылар:** 1-2 ересек адам, 1 және оданда көп балалар.

**Ойын барысы:** Себеттің суреті баланың алдында жатыр.

1. Ересек адам дыбыс шығарады, дыбысқа жауап ретінде баланың анасы ағаштан алманы алады және себетке салады.
2. Ересек адам дыбыс шығарады, анасы баланың қолымен алманы алады, содан кейін себетке салады.
3. Ересек адам дыбыс шығарады, дыбысқа жауап ретінде бала өзі ағаштан алманы алады және себетке салады. Содан кейін ол келесі дыбыстық сигналды күтеді, келесі алманы алып себетке салады. Ойын қайталана береді.



### «Ара» ойыны

**Мақсаты:** дыбысты естіп тану қабілетін, есте сақтау және есту зейінін, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыстардың айтылуын ойын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** ара суреті, гүлдер бейнеленген қағаз (гүлдердің саны мен көлемі әр түрлі болуы мүмкін). гүлдер бейнеленген қағазды мөлдір папкаға салыңыз немесе оны таспамен жабыстырыңыз, сонда араны жылжытуда ешқандай қиындықтар болмайды.

**Қатысушылар:** 1-2 ересек адам, 1 және оданда көп балалар.

#### Ойын барысы:

1. Балаға дыбыстық сигнал беріледі, оған жауап ретінде бала араны гүлден гүлге ауыстырады.
2. Балаға әр дыбыстық сигнал берер алдында нұсқаулық беру керек: «Қазір ара қызыл (көк, сары және т.б.) гүлге ұшады». Мұнда Бала дыбыстарды мұқият тыңдап қана қоймай, ұсынылған тапсырманы дұрыс орындау керек екенін түсінеді.

3. Қатты және ақырын дыбыстарды ажырату үшін әр түрлі көлемдегі гүлдер жасау керек: қатты дыбыс - үлкен гүл, ақырын дыбыс - кішкентай гүл. Балаға қатты және ақырын дыбыстар ұсынылады, ол оны сәйкес гүлмен байланыстырады.




### «Текшелер мен доптар» ойыны

**Мақсаты:** дыбыс айту, сөйлеу дағдыларын, дыбысты естіп есте сақтауын, зейінін ауызша сөйлеуді естіп қабылдауын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** барабан, сыбызғы, қорап, текшелер мен доптар.

**Қатысушылар:** 1-2 ересек адам, 1 және оданда көп балалар.

**Ойын барысы:** Балада текшелер мен доптар болады. Ересек адам барабанды ұрғанда, бала текшені алып, қорапқа салады. Сыбызғы дауысын естігенде бала допты алып, қорапқа салады.





### «Тортты безендір» ойыны

**Мақсаты:** дыбысты естіп тану қабілетін, есте сақтау және есту зейінін, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыстардың айтылуын ойын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** бұл ойын үшін торт бейнеленген темірден суретті қолданған жөн, ал торттың әшекейлері магнитпен болуы керек.

**Ойын барысы:** Бала алдында торттың суреті және оған арналған әшекейлер бар. Дыбыстан кейін ол тортты безендіруге әшекейлер таңдап, қолданады. Егер ешқандай дыбыс болмай, бала әшекейді қолданған болса, онда әшекейді орнына қояды.



### «Қозғаламыз» ойыны

**Мақсаты:** есту-моторлық қозғалтқышын, есту зейінін, дыбыстарды дауыс көмегімен ажырату қабілетін дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** барабан, бубен, ысқырық.

**Қатысушылар:** 1-2 ересек адам, 1 және оданда көп балалар.

**Ойын барысы:** Балаға сөйлеп айтылмайтын дыбыстардың үш түрі ұсынылды: барабан, бубен, ысқырық.

Барабан дауысына жауап ретінде отырады, ысқырық шыққан кезде - қолын жоғары көтереді, бубен дауысына - алақанын шапалақтайды.



### «Ыдыста (бөтелкеде) не бар?» ойыны

**Мақсаты:** дыбысты естіп тану қабілетін, есте сақтау және есту зейінін, белсенді және белсенді емес сөздік қорын (толтырғыштардың атауын), түрлі толтырғыштардың дыбыстарының естілуін, айтылуын ойын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** тиындармен, кішкентай тастармен, түймелермен, қаракұмықпен, кәмпиттермен, сумен, кішкентай шегелермен, фасольмен, құммен 5-10% толтырған 2-12 түсі мен материалы бірдей пішінді көрінбейтін ыдыстар (бөтелкелер) керек. Үш ыдыста бір-бір заттан бар - 1 түйме, 1 кәмпит, 1 тиын. Әр түрлі жиіліктегі дыбыстар ыдысты (бөтелкені) шайқау кезінде шығады. Сонымен қатар толтырғыштардың суреттері бар карточкалар қажет және артқы жағында толтырғыш атаулары жазылған.

**Қатысушылар:** 1-2 ересек адам, 1 және оданда көп балалар.

**Дайындық:** мұғалім толтырғыштардың дыбыстарымен қатысушыларды таныстырады. Бұл дыбыстардың бұрын естігенін немесе естімегенін, есте сақтағанын балалардан анықтайды, карточкаларда жазылған толтырғыштардың атауын оқиды, толтырғыш атауын толтырғыш заттарымен байланыстырады.

#### **Ойын барысы:**

Жетекші үстелде тұрған толтырғыштарды атайды. Балаларға көрсетпей, содан кейін жетекші дыбыстарды тудыратын толтырғыштары бар ыдыстарды (бөтелкелерді) шайқайды.


**Нұсқаулық:** «Ыдыста бөтелкеде не бар? Тыңда және ата»

Қатысушылар ыдысты (бөтелкені) шайқаған кезінде дыбысты естіп ыдыста (бөтелкеде) не бар екенін анықтайды, толтырғыштарды атайды немесе тиісті суретті көрсетеді және атауын оқиды.

**Ойынды қиындату. Ойынның күрделілігі. 2 ден 12 ге дейін**

**толтырғыштары бар ыдыстардың (бөтелкелердің)санын көбейту.**

1. Балалар толтырғыштарды тек есте сақтап айтады, яғни олар карточка артындағы жазуды оқымайды.



### **«Естісен жүгір» ойыны.**

**Мақсаты:** есту-моторлық қозғалтқышын, есту зейінін, дыбыстарды дауыс көмегімен ажырату қабілетін дамытады.

**Жабдықтар:** бубен (ұзақ дыбысталатын басқа музыкалық аспаппен ауыстыруға болады). Аспаптың орнына әртүрлі жиіліктегі сөйлеп айтылатын дауысты дыбысты айтуға болады.

**Қатысушылар:** 1-2 үлкен кісі, 3 немесе одан да көп балалар.

**Нұсқаулық:** тыңдаңдар! Егерде мен ақырын аспапта ойнасам, ақырын жүріңдер, қатты ойнасам – тез жүріңдер, ал өте қатты ойнасам – жүгіріңдер. Тура осындай ойын сөйлеп айтылатын дыбыстармен қайталаңдар. Ақырын айтсам - жүріңдер, қатты айтсам-тез жүріңдер, егерде өте қатты айтсам- жүгіріңдер.

**Ойынды өзгерту:** «Егерде мен музыкалық аспапта ақырын ойнасам-үстелде қолдың саусақтарымен ақырын жүргендеріңді көрсетіңдер, қатты ойнасам- тез жүргендеріңдерді, егерде дыбыс өте қатты болса-қолдың саусақтарымен жүгірендеріңді көрсетіңдер».

**Ойын барысы:** әртүрлі жиіліктегі музыкалық аспаппен жетекші ойнайды: ақырын, қатты және өте қатты.



### **«Менің көршілерім» ойыны**

**Мақсаты:** дыбыс айту, сөйлеу дағдыларын, дыбысты естіп есте сақтауын, зейінін ауызша сөйлеуді естіп қабылдауын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** орындықтар, бубен (түрлі жиіліктегі дыбыс шығаратын басқа музыкалық аспаппен немесе бұршақ салынған пластикалық бөтелкемен ауыстыруға болады).

**Қатысушылар:** 1-2 үлкен кісі, 3 немесе одан да көп балалар.

**Дайындық:** дөңгелек қылып орналастырылған орындықтарға балалар отырады, жетекші балаларға «көрші» сөзінің мағынасын түсіндіреді.

**Нұсқаулық:** балалар орындықтарға отырындар. Айман, өзінің есімінді және оң жағындағы көршілердің есімін ата. Есінде сақта, жанында кім отыр және оның аты кім?

**Ойын барысы:** жетекші өзінің есімін атайды және бубен арқылы сигнал береді. Бірінші ойыншы өзінің есімін атайды. Жетекші тағы да бубен арқылы сигнал береді, сосын сол жақтағы келесі ойыншы өз атын атайды және оң жақтағы ойыншының атын қайталайды. Барлық балалар өздерінің есімдерін және көршілерінің есімдерін айтып шықпағанша, ойын осылай жалғаса береді.

Осыдан кейін жетекші бубенді бірнеше рет соғады. Балалар орындықтарынан тұрып бөлмеде жүреді. Бубен жаңадан соққан соң балалар орындықтарға ойын басындағы көршілермен отыруы керек.

**Ойынды қиындату:**

1. Жетекші бубенді ақырын соғады.

2. Балалар орындықтарға отырады және бубенмен ойнаған соң оң жақтағы көршісінің есімін атайды.

3. Қайталайды: (оң және сол жақтағы көршілерінің есімдерін атайды)

4. Ойын басында баланың сөйлеу сөзі күрделенеді (қиындайды). Мысалы: Мен Айман және Саянмен отырмын. Мен Айманмен Саянның қасында отырмын. Мен Айманмен Саянның ортасында отырмын. Менің оң жағымда Айман, сол жағымда Саян отыр, оң жақтағы көршім - Айман, сол жақтағы көршім-Саян.



**«Бұл қандай дыбыс? Дыбыс қай жақтан шығып жатыр?» ойыны.**

**Мақсаты:** дыбыс қай жақтан шығып жатқанын білу және қандай дыбысекенін анықтау мүмкіндігін, дыбысты естіп есте сақтауын және зейінін, белсенді және белсенді емес сөздік қорын (дыбыс шығаратын заттардың атаулары мен іс-әрекеттері), тұрмыстық дыбыстардың дыбысталуын естіп ажыратуды дамытады.

**Құрал-жабдықтары:** полиэтилен (целлофон) пакеті, пиала қасықпен, ұялы телефон, кітап, кәмпиттер, моншақтар. Дыбысты сипаттайтын сөйлем жазылған карточкалар (пакет дыбыс шығарады (шықырлайды).) Телефон қоңырау шалады; қасық сықырлайды, моншақтар соғылады, кәмпит сырты сықырлайды, есік қиқылдайды, кітап шықырлайды.

**Қатысушылар:** 1-2 ересек адам, 2 және одан да көп балалар.

**Дайындық:** қатысушыларды дыбыс шығаратын заттармен таныстырады. Бұрын естігенін немесе естімегенін, есте қалған дыбыстарды балалардан

анықтайды атайды. Қажет болса балалармен карточка артындағы сөйлемдерді бірге оқиды.

**Ойын барысы:** жетекші ойыншыларға ойында ойналатын заттарды таратады немесе өздері таңдауға мүмкіндік береді. Жетекші ортада тұр, ойыншылар 2-3м қашықтықта жетекшіні қоршап тұр. Ойыншылар өз заттарымен кезекпен дыбыс шығарады, жетекші көріп есте сақтау керек, қай ойыншы қандай аспаппен қайда тұрғанын. Сосын жетекшінің көзін байлайды. Бір ойыншы қолындағы аспаппен ұзақ ойнайды дыбыс шығарады. Жетекші бұл қандай дыбыс және қайдан шығып жатқанын анықтау керек. Егерде дұрыс тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Дұрыс таппаса ойын жалғасады.

**Ойынды жеңілдету:** ойында 2-3 дыбыс шығаратын заттар ғана қолданылады. Ол үшін ойыншылар 2-3 топқа бөлінеді, әр топтағы балаларда бірдей заттар болады. Жетекші 2-3 дыбыс шығаратын заттарды ғана білу керек.

**Ойынды қиындату:**

1. Жетекшінің көзін байлаған соң, қатысушылар орын ауыстырады.
2. Бір-біріне ұқсас дыбыс шығаратын заттар қолданылады.

### **«Қандай музыкалық аспап ойнағанын тап» ойыны.**

**Мақсаты:** түрлі музыкалық аспаптарды естуін, ажыратуын, белсенді және белсенді емес сөздік қорын (музыкалық аспаптар атауы) дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** музыкалық аспаптар (барабан, бубен, балалар пианинасы, сыбызғы, ксилофон, гитара) және ширма. Музыкалық аспаптар бейнелері бар және олардың атаулары артқы жағында жазылған карточкалар.

**Қатысушылар:** 1-2 үлкен кісі, 1 және оданда көп балалар.

**Дайындық:** Қатысушыларды аспаптардың дыбыспен таныстырады. Балалардан бұрын осы аспаптармен таныстырады. Балалардан бұрын осы аспаптардың дыбыстарын естіген немесе естімегенін анықтау, аспаптардың дыбыстарын қандай деңгейде есте сақтағанын анықтау, карточкаларда бейнеленген аспаптардың атауын айтады және оқиды, аспаптарды атауларымен байланыстырады, жалпылама «музыкалық аспаптар» фразасын енгізеді.

**Нұсқаулық:** «Мен бір аспапта ойнаймын және сіз мен қандай аспапта ойнағанымды айтасыз». Алдымен түрлі мелодиялық топтардан қарама-қарсы дыбыс шығаратын аспаптар қолданылады. Содан кейін олармен тығыз байланыста аспаптар қолданылады.

**Ойын барысы:** Жетекші бір аспапта ойнайды, алайда балалар жетекші қандай аспапта ойнап жатқанын көрулеріне болмайды (мысалы: шширманын артында)

**Ойыншы:** қандай аспаптың дыбысы екенін анықтайды. Балалар ойын барысында аспаптың атауын айтуы мүмкін, музыкалық аспап бейнеленген карточка көрсетуі немесе атауын айтуы оқып карточкадан беруі мүмкін. (Сөйлеу деңгейіне және когнитивтік дамуын байланысты.)

**Ойынды қиындату:**

- 1) Музыкалық аспаптар санын көбейту.
- 2) Дыбыстары ұқсас аспаптармен қолдану.
- 3) Музыкалық бөліктерін қысқа ойнатады.



### **Кім қалай сөйлейді? ойыны**

**Мақсаты:** ойын есту зейінін, ойлау, есте сақтау қабілетін, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, сонымен қатар дыбыс айту дағдысын дамытады.

**Құрал-жабдықтар :** 1) жануарларды бейнелейтін - 2) көлік бейнелері бар 2 карточка жиынтығы керек. Карточкалардың артқы жағында жануарлар мен көліктер атаулары жазылған.

**Қатысушылар:** ересектер (1-2); балалар 1 және оданда көп.

**Ойын барысы:** балаларға ойынның екі нұсқасы ұсынылады.

1. Ересек адам кейбір жануарларға (немесе көлік түріне) сәйкес келетін дыбыс шығарады. Бала жануардың (немесе көліктің) бейнесі бар карточканы тандап, қалай сөйлейтіндігі туралы айтады.
2. Ересек адам жануардың немесе көліктің атын атайды.



### «Үш аю» ойыны.

**Мақсаты:** дауыстың биіктігін, күші мен тембрін ажырата білуді, дауыстың өзгеруін және оны естіп басқаруды дамытады.

**Құрал-жабдықтар :** үш аю суреті немесе үш аю ойыншығы.

**Қатысушылар:** ересектер (1-2); 1 және оданда көп балалар.

**Дайындық:** Алдымен ересек адам «Үш аю» ертегісін есіне түсіруді ұсынады немесе баламен бірге ертегіні оқиды. Содан кейін дауысының биіктігін өзгерте отырып, кім сөйлеп тұрғанын сұрайды: аю- әке (төмен дауыс), аю-ана (орта дауыс) немесе ұлы-қонжық (жоғары дауыс). Осы дайындықтан кейін ойынның өзі басталады.

**Ойын барысы:** Экран артында ересек адам сөз тіркестерінің бірін әртүрлі



дауыс биіктікте айтады. Бала кім сөйлеп тұрғанын атауы керек: аю-әкесі (қатты дауыспен), аю-анасы (қалыпты дауыспен) немесе ұлы-қонжық (ақырын дауыспен). Егер балаға кейіпкерді атау қиын болса, онда ол үш аюдың суретін көрсете алады (кішкентай, орташа немесе үлкен).

#### **Ойынды қиындату:**

1. Бала кейіпкердің атын атап, естіген сөз тіркесін қайталауы керек.
2. Бала кейіпкер дауысының тиісті биіктігіне еліктеп, сөз тіркесін қайталауы керек.



#### **«Күлдіргі атаулар» ойыны**

**Мақсаты:** фонетикалық естуін, сөздерді естіп ажырата білуін, есту қабілетін бақылауын дамытады.

**Жабдықтар:** әртүрлі заттардың суреті бар карточкалар (балкон, сурет, тор, шыныаяқ тұтқасы, көлік, кітап, ақша, апельсин, доп, тіс, есік, дәрумендер, альбом, рюкзак, кутика, пульт, макарон өнімдері) және осы заттардың атаулары артқы жағында карточкада жазылған. Шеңберлер немесе екі түсті фишкалар(мысалы: ақ және қызыл)-әрқайсысы 20 дан.

**Түсініктеме:** ойында пайдаланатын сөздер дыбыс құрамына қатысты балаға таныс болуы керек. Сөздердің айтылуы жазылуымен толықтай сәйкес келуі керек. Мысалы:қолдануға жарамды сөздер «банан», «бейне» бірақ «халық» «аңыз», « қаһарман» сияқты сөздер жарамсыз.

**Қатысушылар:** ересектер (1-2); балалар 1 және оданда көп.

**Нұсқаулық:** Мен сөздерді дұрыс және бұрыс айтамын. Мысалы: міне сурет, мұнда банан бейнеленген. Мен дұрыс банан деп айта аламын немесе манан деп айта аламын. Менің бұрыс айтқанымды естіп тұрсыңдарма? Егер сендер дұрыс

сөзді естіген болсаңдар ақ шеңберді алып үстелдің сол жағына, ал бұрыс сөзді естіген болсаңдар қызыл шеңберді үстелдің оң жағына қойыңдар. Естіген сөздеріңді қайталап айтыңдар.

**Ойын барысы:** жетекші балаларға қызыл және ақ шеңберлер береді. Карточкадағы суретті көрсетеді және анық, дауыстап сөзді дұрыс және бұрыс айтады.

*Банан сурет дәрумендер кітап.*

*Банан сурет дәрумендер кітап.*

*Паман сурет дәрумендер кітап.*

Қатысушылар әр сөзді естіген сайын тиісті түстің шеңберін алып, оны оң және сол жаққа орналастырады.

**Ойынды қиындату:** Қатысушылар шеңберді оң немесе сол жаққа қойған соң, сөзді естігені бойынша қайталауы тиіс.

### **«Әзілдер» ойыны.**

**Ойын дамытады:** Фонематикалық естуін,есту зейінін және есте сақтауын,ауызша-логикалық ойлауын,жалпы қоршаған орта туралы көрісін,дыбыс айту дағдыларын,есту қабілетін дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** Екі жағдайды бейнелейтін карточкалар-нақты және өтірік,әзіл.

1. Карточкада екі сөйлемге жазылған суреттер бар: Мысық мұхитта жүзеді Кит табакшадан ыдыстан қаймақ жейді суреттің артқы жағында сөйлем жазылған.  
2. Карточкада екі сөйлемге жазылған суреттер бар: Мысық табакшадан қаймақ жейді , Кит мұхитта жүзеді суреттің артқы жағында сөйлем жазылған.  
3. Екі карточкада екі сөйлем жазылған суреттер бар,суреттің артқы жағында сөйлем бар: Қуыршақ қолынан құлап,Зере апасына жүгіріп барады: ол жерде жасыл қасық жатыр.Қуыршақ қолынан құлап,Зере апасына жүгіріп барады:ол жерде жасыл асық жатыр.

4. Екі карточкада екі сөйлем жазылған суреттер бар,суреттің артқы жағында сөйлем бар:

*«Қар ериді,ағын ағады,ағашта көп тиіндер бар»*

*«Қар ериді,ағын ағады,ағашта көп тиіндер бар»*

5. Екі карточкада екі сөйлем жазылған суреттер бар,суреттің артқы жағында суреттер бар сөйлем бар: Аңшы айқайлайды: Ой қабан артымнан қуып жатыр! Аңшы айқайлайды: Ой! қазан артымнан қуып жатыр!

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2),балалар (1 және оданда көп)

**Дайындық:** Балаларға суретті көрсетеді,суретте салынған бейнені атайды,суретті балалардың өздері айтқанын сұрайды,қай суретте нақты,ал қай суретте өтірік (әзіл) жағдай екенін талқылайды.

**Нұсқаулық:** Мен дұрыс немесе дұрыс емес сөйлемді оқимын.Зейін қойып тыңдаңдар және суретті көрсетіңдер.Қатені түзеңдер-дұрыс сөйлемді айттыңдар.

**Ойын барысы:** Жетекші дұрыс немесе дұрыс емес сөйлемдерді оқиды. Қатысушылар саған тиісті суретті көрсетеді.

**Ойынды қиындату:**

1. Балалар сөйлемді тыңдаған соң,суретке қарап өздері қайталайды.
2. Балалар суретті көрместен бұрын сөйлемдерді тыңдап,сосын ғана тиісті суретті көрсетеді.
3. Балалар суретті крместен,сөйлемдерді тыңдап қайталайды.

#### **«Қалай аталады?» ойыны.**

**Ойын дамытады:** Естіп сөйлеуін қабылдау және есте сақтауын,ауызша-логикалық ойлауын,жалпы қоршаған орта туралы көрінісін,белсенді және белсенді емес сөздік қорын,грамматикалық көрісін,байланыстырып сөйлеуін,сөздің әріптік және дыбыстық құрамын,елестетуін дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** Заттардың суреті салынған карточкалар(қасық,будильник,ожау,жүргізуші,шырша,мысық,кітап,бас киім,алма,компьютер,дәрігер,шарф)артқы жағында атаулары жазылған.

**Түсініктеме:** Заттар мен сөздер балаларға берілген таныс болуы керек.

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2) балалар (1 және одан көп)

**Нұсқаулық:**

«Мен не туралы айтып отырғанымды тап.Қалай аталады?»

**Ойын барысы:** Жетекші сөзбен затты сипаттайды,жануарды,адамды немесе өсімдікті,балаға қалай аталатынын айтуға мүмкіндік береді. Мысалы;

-Бұл затпен сорпа ішеді. –Қасық.

-Оянуға көмектесетін сағат қалай аталады?

-Будильник.

-Бұл үлкен қасық, сорпаны құятын. –Ожау.

-Машина, автобус жүргізетін адам. –Жүргізуші.

-Бұл ағашта ине тәрізді жапырағы бар. –Шырша.

Қатысушылар сөзді атайды немесе суретті көрсетеді.

### **Ойынды жеңілдету:**

1. Егерде бала заттың сипаттамасын тыңдап, қандай зат екенін айта алмаса, заттың сипаттамасын қосымша сөздермен толықтыруға немесе азайтуға болады. Мысалы: Бұл ағашта ине тәрізді жапырағы бар. Сипаттаманы толықтыруға болады. Бұл ағашты жаңа жылда біз ойыншықтармен безендіреміз.

2. Затты сипаттау пантомимамен және табиғи іс-қимылмен бірлесіп қатар айтылып көрсетіледі.

3. Заттар салынған суреттер бала алдында ойында ойналатын жатады, ол суретті көрсетіп атайды.

4. Балаға берілетін суреттер саны азайтылады.

### **Ойынды қиындату:**

Ойында ойнатылатын сөздерден кроссворд құрастырылады, ал қатысушылар сөздердің сипаттамаларын кроссворд қатарын толтырады.



## **2.«Барлық жерде ойнаймыз»**

### **2.1 «Сен мен сияқты қайтала» ойыны**

Адамның қимылдары арқылы шығатын дыбыстарды естіп –көріп анықтауға үйрету.Есте сақтау қабілетін және зейінін дамыту.Есту арқылы шатастырмай бірінен кейін бірін қайталауға сонымен қатар осы қимылдарды атау арқылы сөздік қорын дамыту.

Қатысушылар:балалар,мұғалім (ата-ана)

Ойынға алдын-ала дайындау (көрсету)

Балаларға адамның қимылы арқылы шығатын дыбыстарды көрсету немесе есіне түсіру.Мысалы,шапалақтау,түшкіру,жөтелу,мұрнын тарту,таңдай талқылдау,аякпен жерді ұру т.б және балалардан сұрау,бұл дыбыстарды олар алдында қандай жағдайда естіген.

Ойын барысындағы нұсқаулық : Көздерінді жұмып тыңдаңдар және қайталаңдар.

### **2.2 «Сөз тізбегі» ойыны**

Ойын баланың есту арқылы сөздік қорын,есте сақтау қабілетін,сөз айту дағдыларын және фонематикалық дыбыстарды естіп ажыратуға үйретеді,дағдыландырады.

Қатысушылар:Мұғалім және 1-2бала

Ойын барысы:Мұғалім балаға таныс бір сөзді айтады.Мысалы: «алма»  
Қатысушы балалар осы сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөзбен ойынды жалғастырады.

Алма-ананас-сиыр-ракета-ана.

Егербала сөз таба алмай қиналса,сөзді неше түрлі қимылдар арқылы көрсетіп балаға көмектесуге болады,немесе экран арқылы жәй дауыспен айту.Үлкен сөз тізбегі 7-8 сөзден құралуы қажет.Бала сөзді түсінбесе мұғалім суретпен көрсету арқылы сол сөзді сөздік қорына қосуға болады.

Ойын барысы:Мұғалім қандай да бір дыбысты шығарады мысалы жөтеледі балаларға көрсетпей соны балалар естіп қайталау қажет,және қимылдарды көрсету керек.

Оңай түрі:көрсетіп қайталау.

Қиын түрі:

- 1) Бірнеше дыбысты қайталау. Мысалы: Зрет жөтелу 2 рет шапалақтау.
- 2) Бірнеше дыбысты ажырату. Мысалы: түшкіру, жөтелу, бітті сүю аяқпен жерді тебу.
- 3) Дыбыстарды бір ырғақта айту.
- 4) Бір ырғақпен айтылған дыбыстарды буын арқылы қайталау.



### 2.3 «Бағбан» ойыны

**Ойын дамытады:** сыбырлап сөйлегенді түсіне білу қабілетін, есту-сөйлеу жадын, пассив және актив сөздік қорын (гүлдер, өсімдіктер атауларын, олардың сипаттамаларын), айтылуын, сөйлеу коммуникативтік дағдыларын (шеберлігін).

**Дайындық:** Гүлдердің (өсімдіктердің) таныс және таныс емес ерекшеліктерін, олардың суреттері арқылы алдын-ала балаларме талқылап алу.

**Пікір:** Балалар 3 немесе 4 гүлдердің және өсімдіктердің атауын білу тиіс.

Мысалы: 1 бала- қызғалдық, 2 бала- раушан, 3 бала- түймедақ.

**Қатысушылар:** 1-2 ересектер: 2 немесе оданда көп балалар.

**Нұсқаулық:** Өзіңіздің гүліңіздің немесе өсімдігіңіздің атауын есте сақтаңыз және егер жетекші бұл атауды атаса (айтса), онда сіз ұсталмау.

**Ойын барысы:** Бағбан (жетекші) сыбырлап әрбір ойыншығының құлағына оның гүлінің немесе өсімдігінің атауын айтады. Ойыншылар бір-бірінің

жанында отырады немесе тұрып тұрады.Сосын жетекші гүлдің таппақ қылып айтады:

Мен бағбан болып туылдым.

Әзілдеп тұрған жоқпын,ашуландым басқа барлық гүлдерден шаршадым.Содан кейін ол кез-келген ойыншының гүлін айтады.

Өз гүлінің атауын естіген ойыншы қатарынан шығып қаша жүгіреді,ал қалған ойыншылар оны ұстап алуы тиіс.



#### 2.4 «Сынған телефон» ойыны

**Ойын дамытады:** Сыбырлап сөйлегенді түсіне білуі қабілетін,есту қабілетін,есту-сөйлеу жадын,айтылуын,дыбыстық дауысты басқару,сөйлеу коммуникативтік дағдыларын (шеберлігін).

**Қатысушылар:** 1-2 ересектер; 2немесе оданда көп балалар.

**Нұсқаулық:** «Мен саған сыбырлап сөз айтамын.Естіген сөзінді,келесі тұрған ойыншыға сыбырлап айтады.Қайталап сұрауға болмайды.»

**Ойын барысы:** Жетекші сыбырлап оң жақта тұрған ойыншыға бір сөзайтады.

Әрбір ойыншыға өз көршісіне естіген сөзін сыбырлап айтады.Соңғы ойыншы орынынан көтеріліп,естіген сөзді қатты дауыстап айтады,ал ойынды бастаған дауыстап айтады,ал ойынды бастаған ойыншыға сөзді айтады.Егерде соңғы ойыншы сөзді дұрыс айтса,ол жетекші болып,сөздер кері бағытта беріледі.

Алайда соңғы ойыншы сөз дұрыс айтпаса,барлық ойыншылар кезекпен айтқан көршісіне сөзді атайды.Кім бірінші сөзді дұрыс айтады,сол жетекші болады.

### **«Сөздер» ойыны**

**Ойын дамытады:** Белсенді және белсенді емес сөздік қорын, естіп сөйлеу есте сақтауын, қоршаған орта туралы көрінісін, грамматикалық көрінісін, есту зейінін, дыбыс айту дағдысын, сөйлеу қарым-қатынас дағдысын.

**Құрал-жабдықтар:** Доп немесе текше.

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2), балалар (2 және одан да көп)

**Нұсқаулық:** Ортаға шығып, шеңберге тұрындар. Әр түрлі сөздерді айтамыз. Сөзді айтқан соң, допты (текше) бір-біріне беріңдер. Сөздерді қайталауға болмайды. Алдын ойыншы 1-2-3 деп үшке дейін санағанша, сөз айтпаған ойыншы, ойыннан шығады.

#### **Ойын барысы:**

Ойыншылар шеңберге тұрады. Әр бір ойыншы сөзді атап, келесі ойыншыға допты (текше) қолдан қолға береді. Сөз айтпаған ойыншы, ойыннан шығады.

#### **Ойынды қиындату:**

Нақты лексикалық тақырыпқа байланысты сөздерді атауға болады (мемлекеттер, қалалар, жануарлар, өсімдіктер, жиһаздар атауларын және т.б.) немесе нақты грамматикалық сипаттағы (сын есім, етістік және т.б.)

Сөздерге іс-қимыл (етістік) немесе анықтамалар (сын есім) таңдауға болады. Мысалы: «Қандай машина?» тақырыбына сөздер ойынын ойнаймыз. Ойыншылар «машина» сөзіне түрлі анықтамалар береді, сөйтіп сөз тіркестерін атайды; қызыл машина, таза машина, үлкен машина, жаңа машина. Ойын барысында балаларға белгісіз сөздерді де қолдануға болады, кейіннен сөздердің мағынасын түсіндіріп, мысалы; «Сынған машина-жүрмей, бұзылып қалған машинаны айтамыз». Ойында қулық жасауға болады: сөзге лайықты емес анықтама беріп.

Мысалы: тәтті машина немесе тұзды машина.

Мұндай қулықтар баланың қате табуға анықтамаларды итермелейді.





### «Орманда» ойыны

**Ойын дамытады:** Дауыс ырғағының күшін және жоғарлығын ажырату дағдысын,өзінің дауыс ырғағының күшін және жоғарлығын өзгерте алу дағдысын,дауысты есту қабілеті арқылы өзгерте алу,есте сақтау қабілетін,дыбыс айту дағдысын.

**Қатысушылар:**Ересектер (1-2),балалар (2 және одан көп)

**Нұсқаулық:** «Мен қатты айқайлап айтамын,ал эко ақырын айту керек».Жетекші үлгі бойынша балаларға белгілі сөзді айтады (қатысушылардың есімін айтуға болады) алғашында қатты,кейін ақырын,эко тәрізді айтылады.

**Ойын барысы:** жетекші «Ау!» деп қатты дауыспен айтады.Ойыншының бірі жетекшінің артынан «Ау!» деп алғашында қатты,кейін ақырын қайталайды.Сосын осы ойыншы жетекшінің орнына тұрып басқа сөзді айтады.

#### Ойынды қиындату.

1.Жетекші сөз тіркесін (сөйлем) немесе қысқаша өлең шумағын дауыс ырғағын өзгертіп (қалыпты-ақырын-қатты) айтады.Ойыншы сондай дауыспен жетекшінің артынан қайталайды,кейін жетекшінің орнынын ауыстырады. Мысалыға мынандай сөйлемдер: «Мұнда келіндер», «Үйге кеттік», « Мені күтіңдер».

Мысалыға қысқа өлең шумағы:

Орманда айқайлаймын «Ау!,Ау!»

Маған жауап береді «Ау!,Ау!»

Тауға айқайлаймын «Ау!,Ау!»

Тау жауап береді «Ау!,Ау!»



### «Төртінші артық» ойыны

**Ойын дамытады:** Фонематикалық естуін,сөздің құрамына ұқсас дыбыстарды ажырату дағдысын,есту зейінін,дыбыс айту дағдысын.

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2), балалар (1 немесе одан көп).

**Нұсқаулық:** «Мен сөз айтамын және қайталаймын,бір сөз басқа соны тап.»

**Ойын барысы:** Сөздер жазылған карточкаларды дайындаймыз.Карточкада 4 сөз жазылған: үшеуі бірдей,ал біреуі дыбысталуы ұқсас. Жетекші сөздерді оқиды.

Ойыншылар сөздерді зейін қойып тыңдайды және төртінші артыққ сөзді атайды.

Артық сөзді дұрыс тапқан ойыншы,жетекші болады.

Ойыншылармен үш рет қайталаған сөздің мағынасын,және артық сөздің мағынасын талқылауға,түсіндіруге болады.

Мысалы: мысық-қасық-мысық-мысық.

Ит-ит-ат-ит.

Есік-есік-есік-тесік.

Тиін-тиін-тиын-тиін.

Бас-бас-қас-бас.

Аз-ас-аз-аз.

Жоқ-жоқ-жоқ-тоқ.



### «Топ-хлоп» ойыны. Дұрыс-бұрыс.

**Ойын не дамытады:** Ауызша логикалық ойлауды байланыстырып сөйлеуді, қоршаған ортаның көрінісін, есту қабілетін, есту есте сақтауын.

**Қатысушылар:** 1-2 ересектер; 1 және одан да көп балалар.

**Нұсқаулық:** Мен сөйлемдерді айтамын. Егер менің айтқаным дұрыс болса шапалақ ұр; дұрыс емес болса аяқпен жерді соқ.

**Ойын барысы:** Жетекші дұрыс немесе дұрыс емес сөйлемдерді айтады.

Егер баяндаманың сөзі сөйлемесі шындыққа сәйкес келсе, ойыншылар шапалақ ұрады, егер дұрыс болмаса аяқпен жерді соғады.

Ойыншылардан кім бірінші «дұрыс» жауап береді сол жаңа сөйлемді ойлап табады. Ойыншылар кезекпен жаңа сөйлемді ойлап табуы мүмкін.

**Ойын нұсқасы:** Ойыншылар дұрыс немесе бұрыс деп айтады.

Мысалы: Ұлдар көйлек киеді.

Қыздарға қызғылт түс ұнайды.

Жазда үнемі қар жауады.

Пингвиндер ұшады.



### «Қандай қыз? Ұл бала не істеп жатыр?» ойыны.

Ойын не дамытады: естіп сөйлеуді қабылдау, грамматикалық көріністер зат есім сын есім формаларын байланыстыру мүмкіндігі, есту қабілетін, ауызша-логикалық ойлауды, қоршаған ортаның көрінісін, есту есте сақтауын, дұрыс айтылуын.

Кішкентай қыз

Қыз

Қыз ойнап отыр

**Жабдықтар:** Доп, қағаз парақтары және қаламдар (қатысушылардың саны бойынша)

**Қатысушылар:** 1-«2 ересектер 1 және одан да көп балалар.

**Нұсқаулықтар:** Мен зат есім айтамын, сіздер сын есім немесе етістікпен байланыстырасыздар (осы зат есімге мағынасы дұрыс болатын)

**Ойын барысы:** Бір ойыншы сөз айтады, мысалы қыз деп допты басқа ойыншыға лақтырады. Екінші ойыншы допты қағып алып, (сын есім немесе етістікпен байланыстырады)

«қыз» сөзіне мағынасы жағынан сәйкес келетін

Мысалы, кішкентай қыз. Содан кейін ойыншы басқа ойыншы басқа ойыншыға допты лақтырады, үшінші ойыншы сол сөз тіркесіне тағы сын есімнен немесе етістікпен байланыстырады.

Мысалы: 1) қыз-кішкентай қыз, бұзық қыз.

2) қыз-қыз ойнап отыр. қыз сурет салып отыр.

**Ойын нұсқасы:** ойыншылар кезекпен қағаз парақтарына өздері айтқан сын есіммен етістікті жазып отырады.

**Ойынды қиындату:**

1) Келесі ойыншы өзінің алдындағы ойыншының сын есіміне тағы да өзі сөз қосады.

2) Ойыншылар қулық жасап, берілген сөзге мағынасы жағынан сәйкес келмейтін сын есімді

қосуы мүмкін. Мысалы, көк қыз. Басқа ойыншылар мағынасы бойыншы сәйкес келмейтін сөздерді табулары керек.

3) Жауаптың грамматикалық түрінің күрделенуі; Мысалы, қыз өте кішкентай болуы мүмкін.

4) Етістікпен байланыстыратын болса қай шақта сөйлем құрайтынын оқушылар келіседі. Мысалы етістіктің өткен шағында.

Мысалы: Қыз жүгірді. Қыз сурет салды.



### «Себебі, себебі ...» ойыны

**Мақсаты:** ауызша-логикалық ойлауын, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, есте сақтау қабілетін, есту зейінін, дыбыс айту дағдысын, елестетуін дамытады

**Құрал-жабдықтар:** доп

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2), балалар (1 немесе одан көп).

**Нұсқаулық:** «мен сөйлем айтамын сен өйткені немесе себебі деп сөйлемді жалғастыр».

**Ойын барысы:** Ересек адам сөйлемді айтады және допты баланың анасына лақтырады. Баланың анасы допты ұстап алады, әрі қарай «өйткені» тіркесін пайдаланып, сөйлемді жалғастырады. Содан кейін ол өзінің сөйлемін құрастырып айтады және допты балаға лақтырады. Мысалы: анашым ыдыстар жуады өйткені ыдыстар кір, мен банан жақсы коремін себебі банан тәтті.



### 3. «Ойнаймыз және есте сақтаймыз»

#### «Дүкен» ойыны

**Ойын дамытады:** есте сақтауын, зейінін, сұрақтарға жауап беруін, диалогтық және байланыстырып сөйлеуін, әлеуметтік рольдер қарым-қатынас дағдысын дамытады.

**Құрал-жабдықтар:** Дүкенде сатылатын.

**Заттар:** «Ойыншықтар», азық-түлік және т.б

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2), балалар (1 және одан көп)

**Нұсқаулық:** «Дүкен» ойынын ойнаймыз. Мен сатушы боламын, ал сен сатып алушы.

**Дайындық:** Сатуға қойылатын заттарды анықтау, рольдерді бөлу.

**Ойын барысы:** 2 жетекші ойыншыларды дүкенге жібереді, әрбір ойыншыға жеке немесе барлығына бірден сатып заттарды айтып алатын.

Ойыншылар бөлінген рольдеріне болатын іс әрекет жасайды. Егерде олар сатып алушы ролінде болса онда сатып алатын заттар тізбегін есте сақтайды. Егерде олар сатушы ролінде болса, онда сатып алушының тапсырысын тындап, заттарды тандайды, әкеледі.

**Түсініктеме:** Ойынды жетекшінің 1-2 затты сатып алу тапсырысынан

бастауға болады, кейіннен ақырындап тапсырысты 5-7 затқа дейін көбейтуге болады. Ойында рольдерді алмастырған пайдалы; үлкен кісі мен бала кезекпен қызы (ұлы), анасы (әкесі) немесе сатушы болып алғашында сатып алушының тапсырысын тыңдап, кейіннен заттарды таңдап әкеледі. Дүкендер әртүрлі бола алады: «Ойыншықтар», «Азық-түлік», «Киімдер» және т.б.



### «Жұп сөздер» ойыны

**Ойын дамытады:** есте сақтауын және естіп қабылдауын, есте зейінін, ауызша-логикалық ойлауын, сөз арасындағы байланыстырушы байланыстыратын, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыс айтудағыдысын дамытады.

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2), балалар (1 және одан көп)

**Дайындық:** Мәні бойынша бір-бірімен байланысты сөздерді сәйкестендіру және жазу. Ересек адам жұп сөздерді ертерек дайындайды немесе оны балалармен бірге дайындайды.

**Нұсқаулық:** «Мен жұп сөздерді айтамын. Сөздер бір-бірімен байланысқан.»

**Мысалы;** сиыр-сүт осы сөздерді есте сақтаңдар. Мен бір сөзді айтамын, ал сендер екінші жұп сөзді айтасыңдар.

**Ойын барысы:** Жетекші бірнеше жұп сөздерді атайды. Ойыншыларға осы сөздерді есте сақтау керектігін айтады. Сосын жұп сөздің бірінші сөзін айтады және ойыншылардан жұп сөздің екінші сөзін сұрайды. Сөздер

қалыпты дауыс жиілігінде айтылады. Ойыншылар бірінші тыңдаудан кейін сөздерді есте сақтайды.

Жұп сөздердің біріншісін қайталаған кезде екінші сөзін атайды. Көп сөздерді есте сақтап айтқан ойыншы жеңімпаз аталады.

Мысалы;Жетекші жұп сөздерді атайды (сиыр-сүт,ұл-қыз,үстел-орындық) және әр жұп сөздерден екінші сөзін есте сақтауын сұрайды.Сосын ол бірінші сөзді айтады,ал ойыншылар екінші сөзді атауы керек.


Көп сөз айтқан ойыншы,жетекшімен орын алмасады және жаңа сөздер тізбегін (оқиды) атайды.

Ойынды қиындату:

1.Жұп сөздер санын есте сақтау үшін көбейтеді.

2.Жұп сөздерді мәніне болатын сәйкестендіреді.

Мысалы:сиыр-құйрық,ұл-шалбар,үстел-қасық.



### «Пиктограммалар» ойыны

**Ойын дамытады:** есте сақтауын және естіп қабылдауын, есту зейінін, ауызша-логикалық ойлауын, сөздерді дұрыс байланыстыра алуын, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыс айту дағдысын дамытады.

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2),балалар (1 және одан көп)

**Қажетті құралдар:** қалам, қарындаштар, ақ қағаз.

**Нұсқаулық:** «Мен сөйлемдер оқимын , сендер тыңдап түсінгендерің бойынша сурет саласыңдар. Салынған суреттерден әңгіме құрап, айтамыз»

**Ойын барысы:** Педагог мәтінді, әңгімені қалыпты дауыспен, балаларға түсінікті етіп оқиды.

**Балалар:** естігенін есте сақтап қалу үшін мұғалімді мұқият тыңдап, әр естіген сөйлеміне сурет салады. Кейіннен салынған суреттеріне қарап өздері әңгіме



құрастырып айтуы қажет.



### «Ойлан, сәйкестендір» ойыны

**Ойын дамытады:** есте сақтауын және естіп қабылдауын, есту зейінін, ауызша-логикалық ойлауын, сөздерді дұрыс байланыстыра алуын, сөйлемнен ерекше мағынаға ие сөздерді, екпінді сөзді табуын, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыс айту дағдысын дамытады.

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2), балалар (1 және одан көп)

**Қажетті құралдар:** балаларға түсінікті жеңіл мәтін, мәтінге сәйкес келетін суреттер, қағаз, қалам, қарындаштар .

**Нұсқаулық:** «Мен мәтінді оқимын , сендер тыңдап түсінгендерің бойынша, осы сөйлемге сәйкес келетін суретті тауып көрсетесіңдер. Тапқан суреттерден әңгіме құрап айтамыз»

**Ойын барысы:** Педагог мәтінді, әңгімені қалыпты дауыспен, балаларға түсінікті етіп оқиды.

**Балалар:** мұғалімді мұқият тыңдап, әр естіген сөйлеміне сәйкес суретті алдына қояды. Кейіннен тапқан суреттеріне қарап өздері әңгіме құрастырып айтуы қажет.

**Ойынды күрделендіру:** балалар сөйлемді естіп, әр сөйлем аяқталғанда сызық сызады. Мысалы: Қар жауды.----- . Мәтін аяқталғанда балалар әрбір сызықты есептеп, мәтін неше сөйлемнен тұратынын табады.

Мұғалім мәтінді оқып жатқанда, балалар әр сөйлемді белгілеп отырады. Мәтін аяқталғанда оқушылар, мәтін неше сөзден тұратынын табады.



### «Қатынас тізбегі» ойыны

**Ойын дамытады:** есте сақтауын және естіп қабылдауын, есту зейінін, ауызша-логикалық ойлауын, сөздердің арасындағы қатынасты, дұрыс байланыстыра сөйлеуді, белсенді және белсенді емес сөздік қорын, дыбыс айту дағдысын дамытады.

**Қатысушылар:** Ересектер (1-2), балалар (1 және одан көп)

**Нұсқаулық:** «Мен бірнеше сөз оқимын, сендер тыңдап сөздердің арасындағы қатынасты есте сақтап қалу керексіңдер. Сөздерді дұрыс есте сақтау үшін мәтін құраймыз.

**Ойын барысы:** Педагог сөздерді қалыпты дауыспен, балаларға түсінікті етіп оқиды.

**Балалар:** естігенін есте сақтап қалу үшін мұғалімді мұқият тыңдап, естіген



сөздерден сөйлемдер бет-әлпетті қимылды қосып сөйлемдер құрайды..

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.М Мауенова, А.М Рахметова. Кохлеарлы имплант жасатқан балаларды оқыту және тәрбиелеу. Ақтөбе, 2020.-112б.
2. М.М Мауенова, А.М Рахметова. Кохлеарлы имплантациядан кейін 1-4 сынып оқушыларының есту, сөйлеу қабілетін дамыту бойынша түзету жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. Ақтөбе, 2020. - 62б.
3. И.В.Королева. Развитие слухоречевого восприятия у глухих школьников и взрослых после кохлеарной имплантации. Санкт- Петербург, 2009. -80с.
4. И.В. Королева. Развитие слуха и речи у глухих детей раннего и дошкольного возраста после кохлеарной имплантации. Санкт- Петербург, 2008.-286с.
5. И.В. Королева. Отбор кандидатов на кохлеарную имплантацию: Сурдопедагогическое обследование и оценка перспективности использования кохлеарного импланта. Санкт- Петербург, 2009.-98с.
6. И.В Королева Комплект пособий "Учусь слушать и говорить". Санкт- Петербург.- 716с.
7. Кохлеарная имплантация (Практическое руководство для специалистов). Общественное Объединение «Центр адаптации, реабилитации, интеграции, социализации детей с проблемами в развитии» - ОО Центр Арис. Общественный фонд «Бота». -234с.
8. И.В Королева "Слушаю и говорю предложениями" издания КАРО 2020.- 212с.
9. И.В Королева "Буквы или Звуки" издания КАРО 2020.-152с.
- 10.И. В Королева "Методика развития слухового восприятия и речи у детей" издания КАРО, 2020г.
- 11.И. В Королева "Первые шаги в мир звуков и слов" издание КАРО.2020г.
- 12.О.В. Зонтова. Пакет дидактических материалов по развитию слухового восприятия детей с нарушенным слухом. Санк-Петербург, 2009.- 43с
- 13.К.А. Волкова, В.Л.Казанская, О.А. Денисова «Методика обучения глухих детей произношению» Москва, 2008.-224с.
- 14.Багрова И.Г. «Развитие речевого слуха слабослышащих школьников».М.,1993.- 136с.
- 15.Багрова И.Г. Обучение слабослышащих учащихся восприятию речи на слух. Москва, 1990.-72с.
- 16.Боскис Р.М. Учителю о детях с нарушениями слуха. Москва, 1988.-128с.
- 17.Кузьмичева Е.П. Развитие речевого слуха у глухих. Москва, 1983.-163с.
- 18.Кузьмичева Е.П. Методика развития слухового восприятия глухих учащихся. Москва, 1991.-156с.
- 19.Оппель В.В. Слухоречевая работа в школе глухих детей. Москва.1938г.
- 20.Рау Ф.Ф. Устная речь глухих. -М., 1973.-302с.

21. Рау Ф.Ф. О психологических основах развития слухового восприятия речи у глухих детей. Журнал «Дефектология №3», 1977.- 3с.